





Үй тапсырмасы: “Әлия”

# «Не білеміз?»





Сәуірдің он үші  
Сынып жұмысы  
Алып бала

# «Не білгіміз келеді?»

*Өз қаржысына мектеп ашты*

*Ақын, жазушы*

*Аудармашы*

**Қалқаман Әбдіқадыров**

*Қызылорда облысы*

**1903 - 1964**

*Шиелі ауд, Қарғалы а/л*

*«Тәтті қауын»*

*«Өміртайдың ауылы»*

*«Қажымұқан»*

- **«Оқыра»** - сиырдың үстінде тері мен еттің арасында бөгелектер болады. Жаздың күні оқыра тиген сиырлар құйрығын тігіп алып, екі көзі алақтап, бет-бетімен тырандап шаба жөнелетін. Мұндайда жолында тұрмау керек.
- Ұрғашы бөгелек маусым, шілде айларында ұрықтанады. Ұрықтанысымен 1-2 сағаттан кейін сиырдың арқасына қонып, ет пен терінің арасына 1 мезгілде 100 деген жұмыртқа салады. Ол тері астында дамиды. Содан соң теріні тесіп, топыраққа түсіп 20-60 күн аралығында сиыр қуатын оқыра болып ыңылдап ұша бастайды.

# «Ой шақыру»

I топ «Әдебиетшілер» Әңгімеге жоспар құру

- 1. Әңгіменің басталуы:*
- 2. Әңгіменің дамуы:*
- 3. Әңгіменің байланысуы:*
- 4. Әңгіменің шиеленісуі:*
- 5. Әңгіменің шешімі:*

II топ «Тарихшылар» Тарихи деректер жинақтау

III топ «Талдаушылар» Әңгімедегі кейіпкерлерге талдау жасау

# «Не білуге болады?»

I топ: “Әдебиетшілер”

*Өгіздің өлімі туралы жазылған тұсты тауып оқы.*


II топ: “Тарихшылар”

*Мәтіннен берілген суретке арналған тұсты оқы.*

III топ: “Талдаушылар”

*Ауыл адамдарының таңғалуы туралы жазған тұсты оқы.*

# Не білдік?





# С.Сейфуллин «Көкшетау» поэмасынан үзінді.

(Қажымұқанға)

Атқарып жүргенде де малайлықты  
Күресте тең құрбысын талай жықты  
Бір байдың ат тартпаған жүгін тартқан  
Көрген жұрт деген мынау «Қалай күшті»

Аралап талай жерді, сан қаланы  
Күресіп талай алып дәуді жыққан,  
Ел кезіп елден асқан балуаның  
Талайын қол ұшымен ойнап соққан.


Күресте, СССР-де жеке қара –  
Талай дәу қыла алмаған ешбір шара  
Европа, Азияда асқандар да  
Поддубный, Ганс – Гауан, Қазбек Гара.

## Қажымұқан Мұнайтпасов

Қазақтың тұңғыш балуаны, дүниежүзінің бірнеше дүркін жүлдегері Қажымұқан Мұнайтпасов 1871 жылы Ақмола обл. дүниеге келген. 14 жасында жалшылықта жүріп, атты шананың үстіне салып, сүйреп келген.

Теңдесіз балуандылығымен жер шарын аралап, 28 мемлекетте күреске түсіп, 56 медаль олжалаған. Қажымұқан сынды мықты ХХ ғасырдың басында түрік халықтарының ішінде қазақта ғана болды. Балуандығына тәнті болғаны түріктер «Қажы» деген атақ берді. Қажымұқан кеңес өкіметі тұсында осы елдің атынан балуандық шеберлігін одан әрі жетілдіреді. Осы елдің атынан көптеген жарыстарға қатысып үлкен жеңіспен оралды. Сондықтан оған Қазақстан өкіметі «Қазақ даласының батыры» атағын береді. Ұлы Отан соғысы жылдарында өнер көрсетіп жинаған қаржысына ұшақ сатып алып, оны майдандағы қазақстандықтарға сыйлайды. Бұдан балуанның өз Отанын сүйетіндігін көреміз.

1948 жылы Шымкент обл. Арыс ауданындағы «Ленин туы» колхозында қайтыс болады.





**Үйге:** Мәтінді оқып, мазмұндау.

Сұрақтар мен тапсырмаларды  
орындау                    215-бет